

Дәріс 10. Шылым шегу мен ішімдіктің адам психикасы мен дамуына Әсері

Жоспар:

1. Шылым шегу мен ішімдіктің адам психикасы мен дамуына әсері аса құнды идеялар, олардың құрылуының психологиялық механизмдері. Сананың өзгерген күйі.
2. Түйсік пен қабылдаудың бұзылуы. Зейіннің бұзылулары. Есте бұзылуы. Ерік және оның бұзылыстары.
3. Жүйкелік-психикалық аурулардың әртүрлі формаларындағы ойлаудың бұзылуы.
4. Танымдық психикалық процестердің бұзылуын зерттейтін әдістер.

Темекі түтіні адам организмі үшін зиянды және улы заттардың жиындысы болып табылады. Олардың ең бастылары – никотин, синиль қышқылы, көмір қышқылы, сірке қышқылы, азот, эфир майы және өкпе рагіне душар ететін әртүрлі радиобелсенді элементтер болып табылады. Олардың ішіндегі ең улысы – никотин. Адам ағзасы үшін бар болғаны бір-ақ тамшы /ол 10-12 тал сигаретте болады екен/ никотин уы жеткілікті көрінеді.

Темекі тартатын адамда никотиннің ықпалынан асқазан қышқылдығы төмендейді. Қан қысымы артады. Орталық жүйке жүйесі мен жүректің қызметі бұзылады. Елу жасқа дейін темекі тартатын әйелдерде миокард инфаркті темекі тартпайтындарға қарағанда 20-есеге жиірек кездеседі екен. Бронхитпен ауырушылардың 75 пайызы темекі тартушылар болып табылады. Темекі ішкі мүшелер қызметін бұзып, ауруға душар етумен қатар, адамның сыртқы келбетін де бұзады. Түтіннен шыққан зиянды улы заттар беттегі майда қан тамырларын зақымдап, бет терісі ауруларына душар етеді.

Жыл сайын жер бетінде темекіден 3 миллион адам, яғни темекінің улы әсерінен әрбір 13 секунд сайын бір адам өледі екен.

Жастай шылымға үйренген жастар ұмытшақ келеді. Оқу үлгерімі нашарлайды, тіпті ақыл-ойы кемиді.

Темекі шегушілік студент жастардың арасында жиі кездесетін болып жүр. Әсіресе, қыз-балалардың темекі шеккені көңіл алаңдатарлық нәрсе.

Темекі шегу тұрмыс құрған болашақ аналарға өте зиян. Олардың шеккен әрбір тал темекісі бойындағы нәрестенің денесіне сіңетін улы заттардың мөлшерін 10 пайызға көбейтіп, нәрестеге қажетті оттегінің мөлшерін 10 пайызға кемітеді екен.

Сондықтан жас кезден денсаулықты сақтап, темекіге әуестенбей, темекі шегушілерден бойды аулақ ұстап жүрген дұрыс.

Зейіннің шаршағыштығы – патологиялық шаршаудың салдарынан психикалық қысым түскен кездегі зейіннің негізгі көрсеткіштерінің бұзылуы.

Зейіннің алаңдағыштығы – ұзақ уақыт бір объектіге сананы бағыттай алмау, бөгде тітіркендіргіштер мен ұсақ бөлшектерге зейіннің алаңдай беруі.

Зейін тым алаңдағыштығы – сыртқы ортадағы болмашы өзгерістерге зейіннің ауыса беруі немесе ешқандай өзгеріс болмаған соң зейіннің өзінен - өзі ауысуы.

Зейіннің инерттілігі – зейінді бір объектіден екінші объектіге ауыстыра алмау. Өз уақытында зейіннің тез ауыса алмауы немесе зейіннің патологиялық фиксациясы.

Жоғарғы алаңдаушылық — бір іс әрекеттің түрінен келесі объектіге үнемі ауысып отыру, зейіннің шектен тыс қозғалғыштығы.

Гипо және апрозекция — қажет уақыт ағымында зейіннің шоғырлана алмауы.

Естің ауытқулары:

Гипермнезия – естің күшеюі. Есте сақтаудың ерекше пәрменділігімен сипатталады.

Гипомнезия – естің әлсіреуі – тұрақты немесе өтпелі де болады. Ауру өміріндегі өткен оқиғаларды еске түсіре алмау, қолжазабаға жазып жүреді.

Амнезия – нақты уақыт ішінде, нақты жағдайда болған оқиғалардың естен шығып кетуі. Ұмытшақтық, есте сақтаудың болмауы.

Паромнезия — есте сақтаудың тарылуы.

Мнестикалық процестердің бұзылуына парамнезиялар да жатады: конфабуляциялар (естің ақ таңдақтары ойдан шығарған оқиғалармен толықтырылады), жалған реминесценциялар (болған оқиғалардың хронологиясын есте сақтамау, шындықтағы бұрын болған оқиғаларды кейінге тану), криптомнезиялар (басқа адамдардан естіген, түсінде көрген немесе кітаптан оқыған оқиғаларды өзімен болады деп баяндау). Нерв жүйесінің зақымдалуынан есте сақтаудың көптеген бұзылуларын кездестіруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сәбден О. Қоғам дерті / О. Сәбден. - Алматы : Servise Press, 2020. - 225, [1] б. : портр. - Библиогр.: б. 216-218. - ISBN 978-601-7588-43-4. - Текст : непосредственный.
2. Асылбекова М.П. Балалар психологиясы : оқу құралы / М.П. Асылбекова; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. - Астана : Мастер ПО, 2014. - 196, [1] б. - Библиогр.: б. 191-196. - ISBN 978-601-301-264-3.
3. Кеттебеков Ж. Түйсік : хикаяттар, әңгімелер, эсселер / Ж. Кеттебеков. - Алматы : ARNA-b, 2009. - 400б. - ISBN 9965-9847-8-6.